

Бақытын білімнен тапқан ұстаз

Облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының «Әдістеме – библиография» бөлімі білім мен тәрбие саласында еселі еңбек еткен ардагер - педагог, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, «Қаз ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері», «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері», Арқалық қалалық Ардагерлер Кеңесінің төрағасы Жәнібек Гапбасұлының 70 жылдық мерей тойына арнап «Бақытын білімнен тапқан ұстаз» атты жаднаманы жарыққа шығарды.

Жаднаманың шығу мақсаты: оқырман қауымға ұстаздардың ұстазы болған, елге танымал тұлға Жәнібек Гапбасұлының өмірі мен еңбек жолын таныстырып, шығармашылық еңбектерін насихаттау.

Жаднама 4 бөлімнен тұрады.

1-ші бөлімі- «Өмір жолы - өнеге» деп аталды. Бұл бөлімде Жәнібек Гапбасұлының өмірі мен еңбек жолдары кеңінен қамтылған.

2-ші бөлім- «Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары». Жәнібек Гапбасұлы не жазса да жауапкершілік пен жинақылықтан ауытқымауы, қа-

ра қылды қақ жаруға тырысуы – оның қолтаңбасының басты ерекшелігі еді. Қашанда айтар ойын шегелеп, ноқталап жеткізеді. Оның көкейтесті мәселелер көтеріп, көпшілікті елең еткізерлік, өзекті мәселелерді арқау еткен мақалалары газет беттерінде басылған. Бұл бөлімде Ж.Гапбасұлының сонау 1993 жылдан 2017 жылға дейінгі мерзімді басылымдарда жарияланған шығармалар тізімі берілген. Сонымен қатар, осы бөлімде газет бетінде жарық көрген ол туралы мақалалар тізімі берілген.

3-ші бөлімі - «Еңбек етсең еленерсің, атақ-данққа кеңелерсің» деп аталады. Бұл бөлімнен Жәнібек Гапбасұлының толассыз еңбегінің еленуі арқасында алған бірнеше медальдарын көруге болады. Сонымен қатар мерзімді басылым беттерінде жарияланған ұстазға арналған арнау өлеңдер мен ол туралы замандастарының жылы лебіздері берілген.

4-ші бөлім - «Суреттер сыр шертеді». Бұл бөлімде аты айтылып тұрғандай, Ж.Гапбасұлының әртүрлі кездесулердегі және отбасылық суреттері берілген.

Жаднама жастарға, оқушыларға, ел ағасы, ұстаз Ж.Гапбасұлы туралы білгісі келетін барша оқырманға арналған.

Сәуле ЕРМАҒАНБЕТ,
кітапхана библиографы.